

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Қосағал ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Қосағал ауылы әкімінің 2019 жылғы 28 қазандағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 қазанда № 8723 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы Диев ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 15 мамырдағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы Диев ауылдық округі әкімінің 15.05.2020 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Әуликөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың 2019 жылғы 4 қазандағы № 01-23/279 ұсынысы негізінде Қосағал ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облысы Әуликөл ауданы Қосағал ауылының аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Қостанай облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Әуликөл аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Әуликөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Әуликөл ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізу ұсынылсын.

3. "Қосағал ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қосағал ауылының әкімі

Е. Боромбаев